## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы әкімінің 2025 жылғы 5 наурыздағы № 18 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Транснефть-Урал" акционерлік қоғамына жалпы ауданы 0,3996 гектар жер учаскесіне жария сервитут белгіленсін, оның ішінде қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласының аумағында 3 жыл мерзімге топырақ жинау үшін орналасқан жерден.

Шектеулер, ауыртпалықтар, сервитуттар: жер учаскесі "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының электр беру желісін, кадастрлық нөмірі 15-225-061-042, "Транснефть-Урал" акционерлік қоғамының "Уфа-Омбы", "Уфа-Петропавл" магистральдық мұнай өнімдері құбырының күзет аймағы арқылы өтеді.

2. "Транснефть-Урал" акционерлік қоғамы жұмыс аяқталғаннан кейін жер учаскесін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтірсін.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің орынбасары А.К. Биктимировке жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *А. Оразалинов*

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлютка қаласы әкімінің
шешіміне қосымша.
2025 жылғы "__" _____
№ __ қаулысына қосымша

## Жер эксприкациясы

гектармен

| № р/с | Кадастрлық нөмір | Жер пайдаланушылардың атауы | Берілетін алаң, га | оның ішінде | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | табиғи жайылымдар | Жолдар |
| Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер | | | | | |
| 1 | 15-233-022 | Мамлютка қаласы | 0,3996 | 0,3918 | 0,0078 |
| | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Елді мекендер жерлерінің жиыны: | 0,1340 | 0,1340 | 0,3996 |
| Мамлютка қаласы бойынша жер жиыны: | 0,1340 | 0,1340 | 0,3996 |
| Мамлют ауданы бойынша жер жиыны: | 0,2685 | 0,2535 | 0,3996 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК